

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ



АКИМАТ
ГОРОДА ШЫМКЕНТ

ҚАУЛЫ

2024 жылғы 30 шілде

Шымкент қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 4099

город Шымкент

Сауда-саттыққа (аукциондарға)
шығарылатын жер учаскелерінің
тізбесін қалыптастыру және
бекіту туралы



Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы №297 бұйрығымен бекітілген Жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде ұйымдастыру мен өткізу қағидаларына сәйкес және Шымкент қаласының Бас жоспары негізінде, Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес сауда-саттыққа (аукциондарға) шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі қалыптастырылсын.

2. «Шымкент қаласының сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы қаулыдан туындайтын барлық шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуы «Шымкент қаласының сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Н. Жунусбековке жүктелсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің бірінші орынбасары Қ. Асылловқа жүктелсін.

Шымкент қаласы әкімінің м.у.а



А. Кәрімов

0016493